

**Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу
жөніндегі (бракераждық) комиссия отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

15 қазан 2025 жыл

Отырыс өткен орын: мұғалімдер кабинеті

Қатысқандар: директор, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі, медбике, әлеуметтік педагог, барлығы 5 адам.

Хатшы: Жұма Н.Н

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. **2025-2026 оқу жылының қазан айында лицей асханасында білім алушылардың ата-ана есебінен және тегін тамақпен қамтылуын тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссиясы (әрі қарай-комиссия) жүргізген тексеріс қорытындыларын талдау мәселесі.**

ТЫҢДАЛДЫ:

Отырыс директордың **Сабитов А.Б** алғы сөзімен, қатысушыларды отырыстың күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстыруымен ашылды.

Мектеп асханасында білім алушылардың ата-ана есебінен және тегін тамақпен қамтылу жұмысына жауапты маман, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джумагалиева А.И: қазан айында мектеп асханасында 7-11 сынып аралығында оқитын, жалпы саны 251 білім алушы тамақтанды, асхананың материалдық жабдықтармен қамтылу мен санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша ұйымдастырылған **қазан айындағы** комиссия тексерістері «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №231 бұйрығының 1-қосымшасы 2-тарау 3-параграфының 109 тармақшасы, «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Әлеуметтік педагог Жұма Н.Н: Тексеріс барысында күнделікті мәзірдің перспективалық мәзірге сәйкестігі, асханаың қойма бөлмесінде тауарлардың ретпен орналасуы, және пробалық тағамдардың сақталуы туралы ескерту айтылып анықталды. Тағамдардың сапасы мен органолептикалық көрсеткіштері, ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкестігі, тамақтардың берілу уақыты мен тәртібі, тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімдері мен сақтау шарттары, асхананың санитарлық-гигиеналық жай-күйі, тамақ дайындау кезінде технологиялық карталардың сақталуы, қызметкерлердің арнайы киіммен қамтамасыз етілуі және жеке бас гигиенасын сақтауы анықталды.

Анықталған кемшілікті шұғыл және 5 жұмыс күнінде жоюға комиссия тарапынан мектептің шаруашылық меңгерушісі Д.Мырзалы мен аспазшы Ж.Ахатоваға ұсыныс айтылды.

ШЕШІМ:

1. Кемшіліктің жойылуы бойынша атқарылатын жұмыс қызмет көрсетуші мердігердің қатысуымен атқарылсын.
2. Лицейдің интернет ресурсының «Мектептік тамақтандыру» айдарында оқу жылы бойы үздіксіз мониторинг жүргізілсін.
3. Атқарылатын жұмыс бағыты комиссия тарапынан оқу жылы бойы үздіксіз қадағалансын.
4. Шешімнің орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джумагалиева А.И жүктелсін.

Директор:




Сабитов А.Б

Мүшелері:



Джумагалиева А.И
Рахимова Г.
Шапатова М.

Хатшы:



Жұма Н.Н